

Нуржанова Ш.*

докторант
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университеті
Астана қ., Қазақстан
e-mail: shyraynurzhanova@gmail.com
ORCID: 0009-0001-7333-8526

Кажмухаметова А.

э.ф.к., доцент м.а.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан
e-mail: asem.kaa3103@gmail.com
ORCID: 0000-0002-6957-7364

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ, ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ АУДИТ АРҚЫЛЫ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы құрылыс саласының қазіргі даму қарқыны, оның ұлттық экономикадағы орны және ұзақ мерзімді перспективадағы мүмкіндіктері жан-жақты талданады. Зерттеу құрылыс индустриясының стратегиялық маңызын айқындай отырып, тұрғын үй құрылысы, инфрақұрылымдық жобалар және өңірлік даму бастамалары арқылы әлеуметтік тұрақтылық пен экономикалық өсімге қосатын үлесін сипаттайды. Елде іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобалар құрылыс секторын нығайтып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, шағын және орта бизнестің дамуына, сондай-ақ өңірлердің инфрақұрылымдық жаңаруына оң әсер еткені нақты деректермен көрсетіледі.

Статистикалық мәліметтер құрылыс саласына тартылған қаржыландыру көлемінің жыл сайын тұрақты түрде өсіп отырғанын дәлелдейді. Тұрғын үй қорының кеңеюі, жаңа архитектуралық шешімдер мен заманауи құрылыс технологияларының енгізілуі урбанизация процесінің үдеуіне мүмкіндік беріп, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға жағдай жасауда. Сонымен бірге, саладағы цифрландыру, энергия үнемдейтін технологияларды қолдану және құрылыс материалдарын өндіруді локализациялау құрылыс индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар ретінде талданады.

Аудит құрылыс ұйымдарының қаржылық есептілігінің шынайылығын растау, ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтау және инвестициялық жобалардағы тәуекел деңгейін бағалау құралы ретінде қарастырылады. Аудиттің құрылыс жобаларындағы шығындардың ашықтығын қамтамасыз етуге, қаржылық тәуекелдерді төмендетуге және басқару шешімдерінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстары талданады. Зерттеу нәтижелері құрылыс саласында аудит механизмдерін жетілдіру экономикалық тұрақтылық пен тұрақты дамуды қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін дәлелдейді.

Жалпы, мақала Қазақстанның құрылыс саласының экономикалық әлеуетін, оның даму динамикасын және болашақтағы мүмкін бағыттарды терең зерттейді, сонымен қатар саланың ұлттық даму стратегиясындағы ерекше рөлін айқын көрсетеді.

Кілт сөздер: Құрылыс саласы, инфрақұрылым, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, аудит, экономикалық даму.

Кіріспе. Қазіргі таңда ел экономикасының өсуінде құрылыс саласы ерекше маңызға ие. Бұл сала елдің әлеуметтік жағдайын жақсартып, тұрғын үймен қамтамасыз ету, инфрақұрылымды жаңарту және жаңа өндірістік нысандарды іске қосу арқылы ұлттық дамудың нақты көрсеткішіне айналып отыр. Қазақстанда құрылыс саласы экономиканы әртараптандыруда, инвестициялар тартуда және стратегиялық жобаларды жүзеге асыруда аса маңызды рөл ойнайды. Құрылыс индустриясы тек материалдық нысандар тұрғызумен шектелмей, сонымен қатар жобалау, инженерлік қызмет, қаржы, логистика және қызмет көрсету сияқты көптеген бағыттарды қамтитын күрделі жүйе болып табылады. Сондықтан бұл сектордың белсенді дамуы экономиканың басқа салаларына да тікелей әсер етеді.

Негізгі мақсаты – Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына қол жеткізу, яғни ұзақ мерзімді перспективаға бағытталған процесс. Құрылыс саласының үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін тұрақты жабдықтау тізбегін қалыптастыруға бағытталған. Мұндай даму бағыты әлеуметтік, экологиялық және экономикалық өлшемдердің өзара байланысын сақтай отырып, олардың барлығын кешенді түрде іске асыруды талап етеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – Қазақстан экономикасын әртараптандыру және ұзақ мерзімді өсімді қамтамасыз ету жағдайында құрылыс саласының даму динамикасын және оның экономикалық өсуге

ықпалын талдау өзекті болып табылады. Құрылыс жобаларының ауқымы мен күрделілігінің артуы бұл салада аудиттің рөлін арттырады.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – құрылыс саласының экономикалық өсімге әсерін және аудиттің тиімді басқару тетігі ретіндегі маңызын айқындауға бағытталған. Алынған нәтижелер құрылыс саласындағы қаржылық бақылау жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу шеңберінде келесі ғылыми гипотезалар ұсынылады:

1. Құрылыс саласына инвестициялардың өсуі ұлттық экономиканың жалпы өсу қарқынына оң әсер етеді және мультипликативтік ықпал арқылы ілеспе салалардың дамуын жеңілдетеді;
2. Құрылыс саласында аудит тетіктерін жүйелі қолдану қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану тиімділігін арттырып, инвестициялық жобалардың нәтижелігін жоғарылатады;
3. Мемлекеттік реттеу мен аудит сапасының жеткіліксіздігі құрылыс жобаларының құнының өсуіне және олардың экономикалық қайтарымының төмендеуіне алып келеді.

Негізгі бөлім. Әдеби шолу. Экономикалық дамудың басым стратегиялық бағыттарының бірі ретінде соңғы жылдары құрылыс индустриясы басымдық алып келеді. Мемлекет басшысы өзінің соңғы жолдауында халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін инфрақұрылымды дамыту мен жаңа өндіріс орындарын салудың аса маңыздылығын атап өткен (Әділет, 2012). Құрылыс саласы халықтың өмір сүру сапасын арттырып, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ететін маңызды механизм болып саналады. Жаңа тұрғын үйлердің салынуы, өндірістік нысандардың іске қосылуы, жол-көлік инфрақұрылымының кеңеюі және әлеуметтік мекемелердің бой көтеруі – барлығы құрылыс индустриясының белсенді дамуының нақты нәтижесі.

Құрылыс саласының маңыздылығы оның мультипликативтік әсерімен түсіндіріледі: бұл сала өзімен қатар бірнеше нарықтың қызметтерін жандандырады. «Қазақстан-2050» Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясы аясында құрылыс саласын жаңғырту мен есеп жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету міндеттері айқындалған (Үкімет, 2025). Бұл бағыттар саланың экономикалық әлеуетін арттыруға және есептік жүйенің сапасын жақсартуға негіз болады.

Елімізде құрылыс саласының құқықтық негізін айқындайтын басты құжаттардың бірі – «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заң болып табылады. Бұл заң құрылыс қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың бірыңғай қағидаттарын белгілей отырып, сапа, қауіпсіздік және экологиялық тұрақтылық талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған. Құжатта құрылыс процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, жобалау және сараптау тәртібі, сондай-ақ лицензиялау жүйесі нақты реттелген.

Бұл заң тек құрылыс саласын реттейтін құқықтық база ғана емес, сонымен бірге ұлттық экономиканың тұрақты өсуіне және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына ықпал ететін маңызды құрал ретінде бағаланады. (Anton Lewis, 2025)

Қазақстанда құрылыс саласының өсімі бірқатар стратегиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалымен қалыптасуда. Соңғы жылдары мемлекет инфрақұрылымды жаңарту бойынша ауқымды бастамаларды жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, «Нұрлы Жер» бағдарламасы елдегі тұрғын үй қорын ұлғайтып, қолжетімді баспанаға қол жеткізуге мүмкіндік берсе, «Жайлы мектеп» жобасы арқылы жаңа білім беру нысандары салынып, заманауи оқу инфрақұрылымы қалыптасуда. Сонымен қатар «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы өңірлердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуды көздейді, ал жол-көлік жүйесін жаңғырту бастамалары ел ішінде көлік қатынасын жақсартып, ішкі әлеуметтік экономиканың нығаюына сеп болуда. (Gov.kz, 2025)

Экономиканың басқа салаларының дамуына құрылыс айтарлықтай әсер ететінін ескеретін болса, шикізат ресурстарын пайдалану тетіктерін оңтайландыру аса маңызды болып табылады. Мұндай шаралар құрылыс процесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, материалдық өндіріс, көлік және логистика, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі сияқты ілеспе салалардың да дамуына серпін береді. Институционалдық және нормативтік кедергілерді жою – елдің жалпы экономикалық өсуін қамтамасыз етудің маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. (Gov.kz, 2025)

Құрылыс саласы экономикалық тұрақсыздық немесе дағдарыс кезеңдерінде тұрақтандырушы фактор рөлін атқарады. Мысалы, 2020 жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 2,5 пайызға төмендегенімен, құрылыс саласы керісінше 11,6 пайыздық өсім көрсеткен. Бұл көрсеткіш барлық экономикалық секторлар арасында ең жоғары нәтиже болып саналады және пандемияның нақты секторға тигізген теріс әсерін едәуір жұмсартуға мүмкіндік берген (Gretchen Purser et al., 2025).

Аймақтық даму да оң динамика көрсетуде. Бұрын құрылыс қарқыны ірі қалаларда басымдық көрсетсе, қазір облыс орталықтары мен ірі аудан орталықтарында да жаңа әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салынып жатыр. Ауылдық жерлерде мектептер, медициналық пункттер, жолдар және инженерлік желілер жаңаруда. Бұл бүкіл ел аумағында халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмысты білдіреді.

Статистикалық мәліметтерге, ақпараттық-аналитикалық зерттеулерге және өзге де дереккөздерге жүргізілген талдау нәтижелері құрылыс саласына тартылатын инвестициялар көлемінің өсу қарқыны оң динамикаға ие екенін көрсетеді. Құрылыс секторын тұрақты дамыту үшін кең ауқымды, жан-жақты ақпараттық база қажет. Мұндай ақпарат нақты сұраныс деңгейін, құрылыс қызметтерінің үлес салмағын, сондай-ақ олардың аймақтық ерекшеліктерін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні құрылыс саласы – елдің еңбек нарығы мен кәсіп белсенділігінің негізгі қозғаушы күші. Бұл оның әлеуметтік тұрғыдан алғанда да маңызды екенінің бірден бір дәлелі. Салада 637,5 мыңнан астам адам еңбек етеді, бұл елдегі барлық жұмыспен қамтылғандардың 7,2 пайызын, ал нақты сектордағы қызметкерлердің 17,4 пайызын құрайды. Бұл көрсеткіштер ел экономикасының дамуында қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Осылайша, құрылыс тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықтың да маңызды факторы болып отыр.

Бұдан бөлек, құрылыс саласы кәсіпкерлік белсенділіктің артуына да септігін тигізеді. 2025 жылдың тамыз айындағы деректер бойынша, бұл салада 50,3 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,2 пайызға көп. Құрылыс компаниялары елдегі барлық белсенді кәсіпорындардың 13,3 пайызын, ал нақты сектор кәсіпорындарының 41,9 пайызын құрайды (Gov.kz, 2025).

Құрылыс саласының жыл сайын өзгеріске ұшырауының бір дәлелі ретінде, 2025 жылдың қаңтар – қыркүйек айлары аралығында елімізде орындалған құрылыс – монтаж жұмыстарының жалпы көлемі 6441,3 млрд. теңгені құраған. Бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде алдыңғы жылдарға қарағанда біршама өзгеріске ұшырағанын аңғартады. Сонымен қатар, есепті кезеңде 12 851 397 шаршы метр тұрғын үй нысандары қолданысқа берілген, бұл халықтың баспанаға деген сұранысының жоғары деңгейде екенін және құрылыс нарығының тұрақты түрде дамып, әлеуметтің инфрақұрылымның кеңейіп жатқандағының дәлелі болады.

Бұған қосымша, 2025 жылдың қаңтар–тамыз айларында құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 18,1%-ға артқан (2024 жылы – 8,8%). Бұл көрсеткіш саланың инвестициялық белсенділігінің жоғары екенін дәлелдейді (Melissa Carlisle et al., 2023).

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар–қыркүйек айлары аралығында елімізде орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,6 пайызға өсіп, 6441,3 млрд теңгені құраған. Бұл көрсеткіш құрылыс саласының экономикалық белсенділіктің жоғары деңгейін сақтап отырғанын және саладағы тұрақты өсім үрдісін көрсетеді.

Құрылыс қызметтерінің құрылымын талдау нәтижесінде, республика бойынша орындалған жұмыстардың 93,2 пайызы – жеке меншік құрылыс ұйымдарының үлесінде екені анықталды. Сонымен қатар, шетелдік компаниялардың үлесі 6,2 пайызды, ал мемлекеттік сектордың үлесі бар болғаны 0,6 пайызды құраған. Бұл жағдай құрылыс саласында жеке капиталдың басым рөл атқаратынын және бәсекеге қабілетті жеке сектордың белсенділігін дәлелдейді.

Қызмет түрлері бойынша қарастырғанда, 2025 жылдың алғашқы тоғыз айындағы құрылыс жұмыстарының ең үлкен бөлігі автомобиль, теміржол және метрополитен құрылысына тиесілі болып, олардың үлесі жалпы көлемнің 23,9 пайызын құрады. Бұдан кейінгі орында тұрғын емес ғимараттар құрылысы – 21,8 пайыз, ал тұрғын үйлердің салынуы – 12,8 пайыз деңгейінде тіркелген. Мұндай көрсеткіштер елімізде ірі инфрақұрылымдық жобалар мен тұрғын үй құрылысына басымдық беріліп отырғанын айғақтайды. Айта кету керек, тұрғын үй нарығындағы әлеуметтік әділдік пен қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсартуға және экономиканың тұрақты дамуына үлес қосуына бағытталған «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның аясында жұмыс жасайды.

Жалпы алғанда, аталған мәліметтер құрылыс индустриясының экономикадағы тұрақты өсімнің маңызды факторларының бірі екенін және оның жеке сектор есебінен дамып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар, құрылыс бағыттарының әртараптануы экономиканың нақты секторында өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік беруде. (Sophie Bacq et al., 2025).

Қазақстандағы құрылыс саласының даму динамикасы мен оның экономикалық өсуге ықпалы көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Отандық зерттеулерде құрылыс секторы ұлттық экономиканың негізгі драйверлерінің бірі ретінде сипатталады. Мысалы, бірқатар зерттеулерде құрылыс саласының дағдарыс кезеңдерінде де тұрақты өсім көрсетіп, жалпы ішкі өнімнің төмендеуін тежейтін фактор ретінде рөл атқаратыны атап өтіледі. Атап айтқанда, 2020 жылы ел экономикасы 2,5%-ға төмендегенімен, құрылыс саласы 11,6%-ға өсіп, экономиканың басқа секторларына қарағанда жоғары нәтиже көрсеткен. Сонымен қатар, құрылыс пен көлік салалары экономиканың өсуіне елеулі үлес қосып, 2025 жылы жалпы экономикалық өсімнің 6,2%-ға жетуіне ықпал етті.

Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде құрылыс саласы экономикалық өсудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, дамушы елдер бойынша жүргізілген зерттеулерде инвестициялар мен инфрақұрылымдық жобалардың экономикалық өсімге оң әсер ететіні дәлелденген. Мемлекеттік және жеке инвестициялардың артуы жалпы ішкі өнімнің өсуіне тікелей ықпал етеді және экономикалық дамудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, салалық талдаулар құрылыс секторының жұмыспен қамту мен экономикалық белсенділікті арттырудағы рөлін көрсетеді.

Дегенмен, қарастырылған еңбектерде құрылыс саласының тиімділігін аудит тұрғысынан кешенді бағалау мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл өз кезегінде құрылыс саласының экономикалық өсуге әсерін тереңірек талдау және оның тиімділігін аудит құралдары арқылы бағалау қажеттілігін айқындайды.

Экономикалық белсенділіктің күшеюі құрылыс ұйымдарының қаржылық міндеттемелерін, жоспарлау жүйесін және бухгалтерлік есеп жүргізу сапасын одан әрі жетілдіруді талап етеді. Себебі құрылыс циклі күрделі және ұзақ мерзімді сипатқа ие, оның әр кезеңіндегі шығындар мен активтерді дәл есепке алу — экономикалық нәтижелілік пен инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз ететін негізгі фактор (S. Charles Malka et al., 2025).

Әдіснама және әдістер. Осы зерттеудің әдіснамалық негізін құрылыс саласының экономикалық даму динамикасын, оның ұлттық экономикаға ықпалын және аудит құралдары арқылы тиімділігін бағалауға бағытталған кешенді ғылыми тәсілдер құрайды. Зерттеу логикасы құрылыс саласын макроэкономикалық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға және оның инвестициялық, өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзара байланыста талдауға негізделген.

Зерттеу жұмысы сандық сипаттағы қолданбалы зерттеу болып табылады және екіншілік деректерді талдау әдісіне сүйенеді. Негізгі ақпараттық база ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми деректері, салалық есептер, мемлекеттік бағдарламалардың ашық материалдары, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның қорытынды есептері пайдаланылды. Зерттеу кезеңі 2018–2022 жылдар аралығын қамтиды, бұл құрылыс саласының дамуындағы құрылымдық өзгерістерді және инвестициялық белсенділіктің динамикасын салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында экономикалық – статистикалық талдау әдістері қолданылды. Атап айтқанда, құрылыс саласына тартылған инвестициялар көлемінің өзгеру серпінін анықтау үшін динамикалық қатарларды талдау, мемлекеттік, жеке және шетелдік инвестициялар үлесінің арақатынасын бағалау үшін құрылымдық талдау жүргізілді. Алынған нәтижелер көрнекілік мақсатында диаграммалар мен кестелер түрінде ұсынылды.

Зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде аудиттік талдау әдістері қолданылды. Бұл ретте анықталған қаржылық бұзушылықтар, тиімсіз жоспарлау фактілері және экономикалық шығындар салалық басқару жүйесіндегі негізгі проблемаларды айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу процесінде талдау мен синтез, индукция және дедукция сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Бұл әдістер құрылыс саласының даму үрдістерін жүйелі түрде түсіндіруге, алынған нәтижелерді қорытындылауға және саланың экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Елдің экономикалық жағдайы және оның даму перспективасы көп жағдайда салынған инвестиция мөлшеріне байланысты болады. Жалпы инвестициялық қызмет әрқашан экономикалық өсуде маңызды орын алады. Ұлттық статистика бюросының ұсынған 2018-2022 жылдар аралығындағы инвестициялық қызметтің негізгі көрсеткіштері туралы сөз қозғайтын болса, осы жылдардың аралығында негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі әр жыл сайын тұрақты өсімді көрсеткен. 2022 жылы бұл көрсеткіш 15 251 104 млн теңгеге дейін жетсе, 2018 жылы оның көлемі 11 179 036 млн теңгені құраған. Бұл шамамен 36 пайыздық өсімді білдіре отырып, елдің құрылыс саласында инвестициялық белсенділіктің жыл сайын арту үстінде екенін дәлелдейді (Gov.kz, 2025).


Жоғарыда атап өткендей, урбанизацияның қарқынды түрде өсуі әсерінен тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестициялар да айтарлықтай артқан. 2018 жылы бұл салаға 1 201 296 млн теңге бөлінсе, 2022 жылы аталған көрсеткіш 2 799 912 млн теңгеге жеткен. Яғни бес жыл ішінде тұрғын үй құрылысына салынған қаражат шамамен екі еседен астамға өскен. Мұндай өсім тек қана баспанаға деген сұранысты бейнелеп қоймай, сонымен қатар құрылыс саласының әлеуметтік дамуы мен тұрақтылығы маңызды деңгейде екенін көрсетеді.

Аталған мәліметтерді ескере отырып, 2018-2022 жылдар аралығында құрылыс саласына инвестиция тарту көлемінің ұлғайғандығын, бұл бағыттың экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күші болып отырғанын аңғартады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жылдар бойынша ұлғаюымен қатар, олардың меншік нысандары тұрғысынан да белгілі бір динамика байқалады. 2018–2022 жылдар аралығындағы деректер инвесторлардың мемлекеттік, жеке және шетелдік секторлардағы белсенділігін көрсетеді.

1 – суретте көрініп тұрғандай, мемлекеттік сектор бойынша инвестициялардың нақты көлем индексі 2018 жылы 113,4 пайызды құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 125,4 пайызға дейін өскен. Бұл мемлекет тарапынан экономиканың стратегиялық бағыттарына, соның ішінде құрылыс саласына қаржы құю үрдісінің тұрақты екенін айғақтайды.

1. сурет. Инвесторлардың меншік нысандары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индекстері




Ескерту: (Gov.kz, 2025)

Жеке сектордағы инвестициялардың көлемі де бірқатар жылдары айтарлықтай артқан. Мәселен, 2020 жылы жеке меншік инвесторлар үлесі 134,3 пайызға жетіп, ал 2022 жылы 140,6 пайыз деңгейінде тіркелген. Бұл жеке капиталдың ел ішіндегі ірі инфрақұрылымдық және тұрғын үй жобаларына қатысу белсенділігін көрсетеді.

Ал шетелдік инвестициялар көлемі керісінше, соңғы жылдары төмендеу үрдісін көрсетіп отыр. 2018 жылы олардың нақты көлем индексі 116 пайыз болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 66,8 пайызға дейін қысқарған. Бұл шетелдік инвесторлардың қызығушылығының әлсірегенін немесе инвестициялық ахуалдың тұрақсыздығын білдіруі мүмкін.

Атап өткендей, соңғы жылдары ел экономикасында құрылыс жұмыстарының көлемі тұрақты өсіп келеді. Мәселен, ресми мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылы Қазақстанда құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 15% - ға арта отырып, 19,1 млн кв. м тұрғын үй қолданысқа берілді, ол 2023 жылмен салыстыра алғанда 7,3% - ға жоғарылағанын көрсетеді (Gov.kz, 2025). Бұл динамика ірі өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуымен тікелей байланысты. Атап айтқанда, Костанай облысында автомобиль өндіретін зауыттың құрылысы, Алматы және Қызылорда облыстарында газ тарату жүйелерінің кеңейтілуі, сондай-ақ Астана қаласындағы LRT нысандары мен дипломатиялық қалашықтың құрылысы сектордың белсенді дамуына ықпал етті. Бұдан бөлек, Қызылорда облысында жаңа жолаушылар терминалының, «Комфортная школа» бағдарламасы аясында елдің бірқатар өңірлерінде жаңа білім беру нысандарының салынуы және көппәтерлі тұрғын үйлер мен көлік-инженерлік инфрақұрылым жобаларының іске асырылуы құрылыс индустриясы үшін маңызды драйвер болды (Gov.kz, 2025).

2 – сурет. Құрылыс жұмыстарының динамикасы, %-бен




Ескерту: (Gov.kz, 2025).

Тұрғын үй сегменті де оң динамиканы сақтап отыр, жоғарыдағы суретте көрсетілгендей пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі өсуді жалғастырғанымен, оның қарқыны сәл баяулады — 2024 жылғы 4,7%-дан 2025 жылы 4,5%-ға дейін. Бұл нарықтың тұрақтылық кезеңіне өтуімен және жобалардың кезеңдік жүзеге асырылуымен байланысты.

Төмендегі суретте байқалғандай, Қазақстанның құрылыс саласында өңірлік дамудың біркелкі еместігі байқалады. 2025 жылдың қаңтар–тамыз айларында ең жоғары өсім Қызылорда (+44,6%) және Солтүстік Қазақстан (+41,5%) облыстарында, сондай-ақ Алматы (+36,6%) және Астана (+27,5%) қалаларында тіркелді. Бұл серпін инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік жобалармен және ірі қалаларда тұрғын үй мен әлеуметтік нысандар құрылысының белсенділігімен түсіндіріледі (Gov.kz, 2025).

3 – сурет. Өңірлер (облыстар) бойынша орындалған құрылыс жұмыстары көлемінің өсу қарқыны,%-бен



Ескерту: авторлар дереккөз негізінде әзірлеген (Gov.kz, 2025).

Сонымен бірге, Астанада өсім қарқынының баяулауы байқалады (33,9%-дан 27,5%-ға), бұл LRT жобасының негізгі кезеңдерінің аяқталуымен байланысты.

Теріс динамика Атырау (-36,2%) және Ұлытау (-2,7%) облыстарында орын алды. Негізгі себеп — мұнай-газ саласындағы ірі жобалардың аяқталуы, оның ішінде Теңіз кеңейту жобасының аяқталуы аймақтық құрылыс көлемін төмендетті (Sophie Bacq et al., 2025; Olumide Babatope Longe et al., 2025).

Осы көрсеткіштерден Қазақстанның құрылыс саласындағы өңірлік даму теңгерімсіздігі анық байқалады деп айтуға болады. Кейбір облыстар мен ірі қалаларда қарқынды өсу байқалса, басқаларында құрылыс көлемі едәуір төмендеді. Бұл жағдай өңірлік инфрақұрылымдық инвестициялар мен ірі жобалардың бағытталуымен, сондай-ақ жергілікті экономикалық секторлардың белсенділігімен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Демек, құрылыс саласын дамытуда аймақаралық теңгерімді сақтау және инвестицияларды тиімді бөлу мәселелері маңызды болып отыр (Muskan Khan et al., 2025).

Жалпы алғанда, құрылыс саласы ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. Оның дамуы тек ЖІӨ-ге тікелей үлес қана қосып қоймай, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, тұрғын үй құрылысын дамыту және инвестициялық белсенділікті арттыру арқылы қоғам өмірінің барлық саласына оң әсер етеді. Осылайша, құрылыс саласының өсуі экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып саналады. (Hussein A. Dawood, 2025).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі негізгі аспектілермен айқындалады. Біріншіден, құрылыс саласының даму көрсеткіштері мен мемлекеттік аудит нәтижелері алғаш рет кешенді түрде өзара байланыста қарастырылды, бұл саланың экономикалық тиімділігін жүйелі бағалауға мүмкіндік берді. Екіншіден, мемлекеттік аудит деректері негізінде құрылыс секторындағы жүйелік проблемалардың экономикалық өсу қарқынына әсері ғылыми тұрғыда негізделді. Үшіншіден, инвестициялық белсенділік пен оның нақты экономикалық қайтарымы арасындағы алшақтық эмпирикалық талдау негізінде дәлелденді. Төртіншіден,

құрылыс саласында аудиттің басқарушылық шешімдердің сапасына ықпалы жүйелендіріліп, оның институционалдық маңызы айқындалды.

Талқылау. Бүгінгі таңда отандық аудит пайдаланушыларды түрлі ақпараттармен қамтамасыз етуінде аса маңызды рөл атқаратын заманауи экономиканың институты болып табылады. Аудиттің салалық бағыты жүргізілетін аудиторлық іс-шаралардың сапасы мен оның тиімділігін арттыруға көмектесетін бірден бір құрал ретінде саналады.

Құрылыс саласында аудит бірнеше бағытта жүргізіледі және оның нақты түрі тапсырыс берушінің алдына қойған мақсаттарына байланысты айқындалады. Жалпы алғанда, аудиттің негізгі мақсаты – құрылыс процесінің сапасын, шығындарының негізділігін және орындалған жұмыстардың шынайы көлемін бағалау.

Құрылыс секторының экономикалық өсуге ықпалы және мемлекеттік аудит тиімділігі мәселелері отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде жан-жақты қарастырылған.

Құрылыс саласының экономикалық өсудегі рөлін зерттеген классикалық еңбектердің бірі — Дэвид Кростуэйт. Оның зерттеулерінде құрылыс секторының жалпы ішкі өнімдегі үлесі елдің экономикалық даму деңгейімен тығыз байланысты екені көрсетіледі. Сондай-ақ Жерар де Валенс еңбектерінде құрылыс индустриясының ұлттық экономикалардағы маңызы салыстырмалы талдау арқылы негізделіп, оның инвестициялық белсенділік пен экономикалық өсімге ықпалы дәлелденген. Ал Дэнни Мэйер құрылыс саласының жұмыспен қамту, урбанизация және экономикалық тұрақтылыққа әсерін кешенді түрде қарастырады.

Экономикалық өсу теориялары аясында Роберт Солоу неоклассикалық моделінде капиталдың (оның ішінде инфрақұрылымдық және құрылыс инвестицияларының) экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі екені дәлелденген. Бұл құрылыс секторының макроэкономикалық маңызын теориялық тұрғыдан негіздейді.

Мемлекеттік аудит тиімділігі мәселелері Джереми Лондсэйлдің еңбектерінде қарастырылып, performance audit мемлекеттік ресурстарды тиімді басқарудың маңызды құралы ретінде сипатталады. Сонымен қатар, INTOSAI стандарттарында аудиттің ашықтықты арттыру, есептілікті күшейту және басқарушылық шешімдердің сапасын жақсартудағы рөлі нақты айқындалған.

Қазақстандық зерттеулерде құрылыс саласының экономикалық өсімге әсері көбіне статистикалық деректер негізінде талданады, ал мемлекеттік аудит мәселелері институционалдық және құқықтық аспектілер тұрғысынан қарастырылады. Алайда халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, құрылыс секторының тиімділігін аудит құралдары арқылы кешенді бағалау, әсіресе аналитикалық процедураларды қолдану тұрғысынан, жеткілікті деңгейде дамымаған.

Осылайша, шетелдік ғылыми еңбектерде құрылыс саласының экономикалық өсімге ықпалы терең теориялық және эмпирикалық әдістермен зерттелсе, ал аудит тиімділігі performance audit тұжырымдамасы арқылы негізделеді. Қазақстандық зерттеулерде бұл екі бағыт көбіне бөлек қарастырылады. Сондықтан құрылыс секторының экономикалық өсуге ықпалын мемлекеттік аудит тиімділігімен байланыстыра кешенді зерттеу ғылыми тұрғыдан өзекті болып табылады.

Құрылыс жобасын іске асыру барысына тұрақты аудит – тұрақты немесе кезеңдік аудит құрылыс циклі басталғаннан аяқталғанға дейін жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Бұл аудит түрі құрылыс барысындағы кез келген ауытқуларды ерте анықтауға мүмкіндік береді, осылайша жобаның жалпы құнын бақылауда ұстап, бюджеттік немесе жеке қаражаттың тиімді жұмсалуды қамтамасыз етеді.

Құрылыс аудитінің құрамдас элементтері кешенді процесті қамтиды және әдетте бірнеше өзара байланысты компоненттен тұрады:

- техникалық бақылау және сапаны бағалау;
- шығындар мен сметалық көрсеткіштердің экономикалық талдауы;
- жобалық-сметалық құжаттаманың дұрыстығын тексеру;
- материалдар мен жабдықтардың құнын салыстырмалы бағалау;
- жобаның тиімділігі мен тәуекелдерін талдау.

Бұл элементтердің үйлесімі аудиттің құрылыс процесіндегі ашықтықты арттырып, жобаның бастапқы жоспарларына сәйкес орындалуына ықпал етеді.

Аудитті жүргізудің оңтайлы нұсқасына жақындау үшін оны дұрыс жоспарлау қажет. Сондықтан жоспарлаудың мақсаты ықтимал аудиторлық тәуекел мен аудит шығындарының арақатынасы тұрғысынан аудиторлық тексеруді ең оңтайлы түрде қамтамасыз ету деп айтуға болады.

Жоспарлаудың мәні аудиторға келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- аудитор бухгалтерлік есептіліктің шынайылығына қатысты дұрыс әрі объективті қорытынды жасау үшін жеткілікті дәлелдер жинауы қажет;
- тексеру жүргізу кезінде шығындарды негізді деңгейде ұстап тұру маңызды, өйткені бұл аудиторлық ұйымның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді;
- клиентпен өзара түсіністікті қамтамасыз ету де маңызды міндеттердің бірі.

Құрылыс ұйымдарының қызметін аудиттеу кезінде, бухгалтерлік есептің ерекшеліктері мен ақпараттық қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып, аудит мына негізгі кезеңдерден тұрады.

Аудиторлық тексеру ең алдымен мердігерлік шарттарды талдаудан басталуы тиіс. Себебі құрылыс процесіне қатысушылар үшін негізгі құқықтық құжат — мердігерлік келісім. Сондықтан аудитор шарттың мазмұнын, жұмыстарды орындау мерзімдерін, тараптардың міндеттері мен жауапкершілігін, құрылыс-монтаж жұмыстарының бағасын, есеп айырысу рәсімдерін, сондай-ақ орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру тәртібін мұқият тексеруі қажет.

Аудитор құрылыс өндіріске арналған материалдық қорларды тексеруге ерекше назар аударады: құрылыс материалдары, конструкциялар мен бөлшектер, монтажға арналған жабдықтар және басқа да материалдар дұрыс жіктелген болуы тиіс (Christie Hayne et al., 2026).

Құрылыс-монтаж жұмыстарына қатысты шығындарды аудиттеу — басқарушылық шешімдер үшін дұрыс ақпарат алу және әрбір объект бойынша қаржылық нәтижелерді дәл анықтау тұрғысынан маңызды. Аудитор шығындардың қандай әдіспен қалыптасатынын (позаказды, нормативтік) анықтап, фактілік өзіндік құнның, қосалқы және қызмет көрсетуші өндірістердің, субмердігерлер орындаған жұмыстардың дұрыстығын тексереді.

Сонымен қатар, аудитор операциялық қызметке байланысты, бірақ орындалған жұмыстардың өзіндік құнына енгізілмейтін шығындардың (әкімшілік шығындар, өткізуге байланысты шығындар, басқа да операциялық шығындар) есебін және олар бойынша бекітілген сметалардың орындалуын тексеруі тиіс. Есепті кезеңнің соңында бұл шығындар құрылыс кәсіпорнының қаржылық нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Құрылыс саласының өз артықшылықтарымен қатар, сонымен бірге саланың дамуына өз әсерін тигізетін бірқатар қиыншылықтар да туындайды. Оның себептеріне құрылыс материалдарының қымбаттауы, сәйкесінше объектілердің қымбаттауы, құрылыс саласында орын алатын заңға қайшы әрекеттер, аккредиттелген сараптама ұйымдарының сапасыз қызметі, құрылыс нормаларының және нормативтерінің ескіруі, сондай-ақ салаға деген цифрлық технологияларды енгізудің төмен деңгейі.

2024 жылы Жоғары аудиторлық палата құрылыстағы баға белгілеу тетіктерінің тиімділігін, сондай-ақ жобалау және құрылыс жұмыстарына бағытталған бюджет қаражаты мен активтердің пайдалану нәтижелілігін бағалау мақсатында мемлекеттік аудитінде бірқатар жүйелік мәселелер анықтады. Аудит шеңберінде елдегі құрылыс секторындағы ағымдағы жағдай талданды, бағалардың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар айқындалды, орын алған бұзушылықтар жүйеленді және оларды жоюға бағытталған ұсыныстар әзірленді. Жоғары аудиторлық палатаның талқылауында сметалық бағалау әдістерінің сапасы, жобалау мен құрылысқа бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы және нормативтік-құқықтық базаның өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылды (Gov.kz, 2024).

Соңғы жылдардағы ресми статистика құрылыс секторындағы айтарлықтай өсімге назар аударады: 2023 жылы құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 21%-ға өсіп, 7,6 трлн теңгеге жеткен. 2017–2023 жылдары сала ЖІӨ құрылымында орта есеппен 6,5% үлеске ие. Алайда макроэкономикалық өсім құрылыс саласындағы басқару және бақылау тетіктерінің тиімділігін автоматты түрде қамтамасыз ете алмайтыны аудит барысында айқындалды.

Құрылыс жобаларының мемлекеттік банкін пайдалану тиімділігі төмен болып отырғаны аудит нәтижелерінен айқын көрінді. Базаға енгізілген 6 706 жобаның 5 665-і, яғни 84,5%-ы бойынша авторларымен келісу рәсімдері жүргізілмеген. Авторлық құқықтардың толық рәсімделмеуі бұл жобаларды қайта қолдануға мүмкіндік бермейді, ал дайын жобалардың айналымда болмауы салада типтік шешімдерді қолдану мәдениетінің қалыптаспауына әкеліп отыр. Осыған байланысты, 2021 жылдан бері тапсырыс берушілерге барлығы 55 жоба ғана берілген, бұл қолжетімді жобалардың небәрі 5%-ын құрайды. Аудит аталған жағдайды қолданыстағы нормативтік талаптардың тиімді еместігімен және жобаларды міндетті қолдану механизмдерінің жоқтығымен байланыстырады. Сонымен бірге уәкілетті орган әзірленген типтік жобалардың нақты қай жерде және қандай ұйымдармен пайдаланылғаны туралы толық ақпаратқа ие емес (Gov.kz, 2024).

Эксперттік қорытындыларға қатысты да бірқатар жүйелік мәселелер анықталды. 2016–2023 жылдар аралығында жобаларға жасалған сараптамалық қорытындылар саны 35%-дан астам төмендегеніне қарамастан, сарапшылардың айлық орташа жүктемесі өзгеріссіз қалып отыр. Бір маманға орта есеппен 10-нан астам жобаны қарау қажеттігі туындайды. Осындай жоғары жүктеме жобалық шешімдердің бастапқы деректерге сәйкестігін бағалауда қателіктер мен үйлеспеушіліктердің пайда болу қаупін арттырады. Басқаша айтқанда, сараптама сапасы жұмыстың көлеміне байланысты тұрақты түрде тәуекел аймағында болып отыр.

Аудиттің маңызды тұжырымдарының бірі – сараптама ұйымдарының жауапкершілік деңгейінің жеткіліксіздігі. Сонымен қатар, жобалау тапсырмаларының өзгеруіне байланысты 160 жоба бойынша жұмыстарды жалғастырудан бас тартылған. Бұл шешімдердің салдары ретінде жалпы сомасы 260,8 млн теңге көлемінде шығындар тіркелген. Жобалардың тоқтатылуы кейін сол жұмыстарды қайтадан жоспарлау, қайта сараптамадан өткізу және қосымша шығындарға әкелетіндіктен, бұл құбылыс ресурстарды тиімсіз пайдалану тәуекелін күшейтеді.

Аудит барысында аккредиттелген сараптама ұйымдарының мемлекеттік инвестициялар және квази-мемлекеттік сектордың қаражаты есебінен жүзеге асатын жаңа құрылыс пен реконструкция объектілеріне сараптама жүргізген фактілері анықталған. Мұндай объектілер бойынша сараптама жасау — мемлекеттік монополияға жататын функция, сондықтан бұл практика қолданыстағы талаптардың бұзылуын білдіреді. Бұл жағдай мемлекеттік бақылау тетіктерінің әлсіздігі мен функцияларды бөлу жүйесіндегі қайшылықтарды көрсетеді.

Аудит нәтижелері көрсеткендей, баға белгілеуге қатысты негізгі нормативтік актілерде бірқатар әдіснамалық олқылықтар бар. Әсіресе, құрылыс материалдары мен жабдықтарының бағасын қалыптастыруға негіз болатын базалық кәсіпорындарды іріктеуде нақты критерийлердің болмауы жүйенің ашықтығын төмендетеді. Тауар жеткізушілерден талап етілетін есептіліктің ұсынылмауы үшін жауапкершіліктің қарастырылмауы да баға мониторингінің сапасына кері әсер етеді.

Мемлекеттік сатып алу саласында да елеулі кемшіліктер бар. Осыған байланысты жобалық сметалардың негізділігіне бақылау әлсірейді. Бұдан бөлек, қолданыстағы заңнама құрылыс жобаларын түзету кезінде техникалық және авторлық қадағалау шығындарын ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл көрсетілетін қызмет көлемі өзгермесе де бюджеттік жүктеменің артуына әкеп соғады.

Жобаларды қайта қолдануды ынталандыру мақсатында құрылған мемлекеттік жобалар банкі де өз әлеуетін толық іске асыра алмай отыр. Каталогтағы 6 706 жобаның 5 665-і (84,5%) бойынша авторлық құқығы тапсырыс берушінің пайдасына ресімделмеген. Бұл жағдай жобаларды қайталама қолдану мүмкіндігін іс жүзінде шектейді. 2021 жылдан бері тек 55 жоба ғана сұратылған, бұл авторлық құқығы бар жобалардың небәрі 5%-ына тең. Осындай төмен көрсеткіш нормативтік талаптардың әлсіздігі мен қолданыстағы құралдардың жеткіліксіздігін айқын көрсетеді (Gov.kz, 2024).

Премьер-Министр деңгейінде көтерілген бұл проблема бюджеттік жобалар бойынша шарттардың үлгілік формасына мүлтік құқықты беру туралы бап енгізу қажеттігін дәлелдейді. Әділет министрлігі бұл мәселенің тек тәртіпке байланысты екенін, ал заңнама мұндай мүмкіндік беретінін атап өтті.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда да елеулі ауытқулар тіркелді. Мәселен, Күршім ауданындағы Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпірдің құрылысы 31,2 млрд теңгеге қымбаттап, бастапқы құнынан 104%-ға асып кеткен. Өскемендегі Гематология орталығының құны екі еседен астам өсіп, 32 млрд теңгеден 72 млрд теңгеге дейін жеткен. Бұл мысалдар жоспарлау сапасының төмендігін және сметалық бағалаудың дәлдігіне қатысты проблемаларды айғақтайды.

Жоғары аудиторлық палатаның хабарлауынша аудит нәтижелерінің қорытындысы көрсеткендей, құрылыс саласында бірқатар елеулі бұзушылықтар мен тиімсіз шешімдер орын алған. Тексеру барысында 1,3 млрд теңге мөлшеріндегі қаржылық сипаттағы заң бұзушылықтар, сондай-ақ 14,2 млрд теңгеден асатын көлемде бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдаланудың тиімсіздігі анықталды. Бұған қоса, аудит 530 млн теңге шамасындағы экономикалық шығындар мен жіберілген пайданың орын алуын айқындады.

Сонымен бірге, тексеріс нәтижесінде 26 жүйелік сипаттағы кемшілік және 88 рәсімдік деңгейдегі бұзушылық тіркеліп, 21 факті әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері ретінде уәкілетті органдардың қарауына жіберілген.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар, тиімсіз жоспарлау фактілері және экономикалық шығындар құрылыс саласындағы мемлекеттік ресурстарды басқарудың әлсіз тұстарын айқын көрсетті. Осының салдарынан құрылыс секторында капиталдың тиімді айналымы тежеліп, инвестициялық белсенділік төмендейді, бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың жалпы өсу қарқынына теріс әсер етеді.

Құрылыс саласы экономиканың негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады: ол жұмыспен қамтуды, материалдық өндірісті, инфрақұрылымдық дамуды және қосылған құн тізбегінің көптеген секторларын қамтиды. Сондықтан саладағы 26 жүйелік кемшіліктің, 88 рәсімдік бұзушылықтың және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 21 фактінің анықталуы құрылыс нарығындағы институционалдық тұрақсыздықты көрсетеді. Мұндай тұрақсыздық мемлекеттің экономикалық белсенділігін қолдауға бағытталған инфрақұрылымдық жобалардың баяулауына, бюджет қаржысының төмен тиімділігіне және жалпы экономикалық мультипликативтік әсердің әлсіреуіне алып келеді.

Сонымен қатар, 1,3 млрд теңгелік қаржылық бұзушылықтар мен 14,2 млрд теңгеден астам тиімсіз жоспарлау көлемі құрылыс секторындағы мемлекеттік инвестициялардың қайтарымын төмендетеді. Бұл жағдай экономиканың ұзақ мерзімді өсуіне қажетті инфрақұрылымдық жобалардың сапасын төмендетіп, экономикалық белсенділікке серпін беретін жобалардың жүзеге асу қарқынын бәсеңдетеді. Оның үстіне, 530 млн теңге көлеміндегі шығындар мен жіберілген пайда мемлекеттік ресурстардың тиімділігін шектеп, экономиканың өнімділігін арттыруға бағытталатын қаржы мүмкіндіктерін қысқартады (Gov.kz, 2024).

Мұндай бұзушылықтар құрылыс саласының инвестициялық тартымдылығын төмендетіп, жеке сектордың сеніміне кері әсер етеді. Нәтижесінде, экономиканың негізгі драйверлерінің бірі болып табылатын құрылыс секторындағы бұл проблемалар ұлттық экономиканың тұрақты және сапалы өсуіне айтарлықтай кедергі келтіреді.

Зерттеу нәтижелері негізінде келесі практикалық ұсыныстар әзірленді. Біріншіден, құрылыс жобалары бойынша аудитті жобаның барлық кезеңдерінде (жоспарлау, іске асыру және аяқтау) міндетті түрде енгізу қажет. Екіншіден, сметалық құнның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында цифрлық мониторинг және бақылау жүйелерін кеңінен қолдану ұсынылады. Үшіншіден, типтік жобаларды қайта пайдалануды ынталандыратын құқықтық және институционалдық тетіктерді жетілдіру қажет. Төртіншіден, аудит нәтижелерін басқарушылық шешім қабылдау процесіне интеграциялау арқылы олардың практикалық маңызын арттыру ұсынылады. Бесіншіден, құрылыс саласында тәуекелге негізделген аудит моделін енгізу салалық тиімділікті арттырудың маңызды құралы бола алады.

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау Қазақстандағы құрылыс саласының дамуында сандық өсім мен сапалық нәтижелер арасындағы айқын алшақтықтың бар екенін көрсетті. Соңғы жылдары инвестициялар көлемінің тұрақты артуы, құрылыс жұмыстарының кеңеюі және жеке сектор белсенділігінің күшеюі саланың экономикалық әлеуетін арттырғанымен, бұл үрдістердің тиімділікке, сапаға және тұрақты дамуға толық ықпал ете алмай отырғаны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, соңғы жылдары Қазақстандағы құрылыс саласы экономиканың маңызды қозғаушы күшіне айналды. Мемлекеттік бағдарламалар мен жеке инвестициялар саланың тұрақты өсуіне және өңірлердегі инфрақұрылымдық жаңартуларға ықпал етті. Бұл үрдіс тек тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен бірге экономикалық белсенділіктің артуына да жағдай жасады. Сонымен қатар, инвестициялық белсенділіктің өсуі өндіріс көлемінің, жобалау және құрылыс-монтаж жұмыстардың ұлғаюына, құрылыс ұйымдары мен материалдар өнеркәсібінің қуаттарын толық пайдалануға мүмкіндік берді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау осы дамуды тұрақтандырып, құрылыс саласын ел экономикасының стратегиялық қозғаушы күші ретінде нығайтуға үлес қосады.

Инвестициялық белсенділіктің жоғары болуы көбіне қаржы көлемінің ұлғаюымен шектеліп, салынған қаражаттың нақты экономикалық қайтарымын қамтамасыз ететін басқару, жоспарлау және бақылау тетіктерінің әлсіздігімен қатар жүріп отыр. Бұл жағдай құрылыс жобаларының қымбаттауына, мерзімдерінің созылуына және инфрақұрылымдық объектілердің пайдалану тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде, құрылыс саласының мультипликативтік әсері күтілген деңгейде іске аспай, экономикалық өсімнің сапасы әлсірейді.

Құрылыс көлемінің артуына қарамастан сапа мәселелерінің сақталуы нарықта қысқа мерзімді нәтижелерге бағдарланудың басым екенін көрсетеді. Баға факторының шешуші рөл атқаруы, техникалық сенімділігіне теріс әсер етеді. Бұл үрдіс тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым саласында қосымша тәуекелдер қалыптастырып, кейінгі кезеңдерде бюджетке және пайдаланушыларға қосымша жүктеме түсіреді. Сондай-ақ, құрылыс саласында жеке сектордың басым болуы мемлекеттік реттеу мен бақылау жүйесінің сапалы бейімделуін талап етеді. Алайда қолданыстағы институционалдық және нормативтік тетіктер нарықтың өсу қарқынына толық сәйкес келмей отыр. Мемлекеттік бақылаудың әлсіздігі сметалық бағалардың негізсіз өсуіне, ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына және саланың инвестициялық тартымдылығының төмендеуіне ықпал етеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер Қазақстандағы құрылыс саласының экономикалық өсуге ықпалын және аудиттің салалық тиімділікті бағалаудағы рөлін айқындады. Сонымен қатар, зерттеу қарастырылған мәселелерді одан әрі тереңдетіп талдаудың өзектілігін көрсетті.

Болашақ зерттеулерде құрылыс саласының тиімділігін бағалауда цифрлық аудит құралдарын қолдану мүмкіндіктерін кеңейту орынды. Бұл тәсілдер қаржылық бұзушылықтарды ерте анықтауға және басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аймақтық деңгейде салыстырмалы талдау жүргізу арқылы инвестициялық белсенділік пен аудит нәтижелерінің өзара байланысын анықтау маңызды болып табылады. Құрылыс жобаларының тиімділігін өмірлік цикл құны тұрғысынан бағалау да болашақ зерттеулердің перспективалы бағыты болып саналады. Осы бағыттар бойынша жүргізілетін зерттеулер құрылыс саласындағы басқару жүйесін жетілдіруге, бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға және саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ғылыми негіз бола алады.

Құрылыс саласының қазіргі даму кезеңінде басты мәселе сандық өсімді қамтамасыз ету емес, салынған инвестициялардың тиімділігін арттыру, сапа стандарттарын күшейту және аудит пен бақылау тетіктерін жүйелі түрде жетілдіру болып табылады. Құрылыс саласында нәтижеге бағытталған басқару, тәуекелге негізделген аудит және жобаларды бағалаудың кешенді тәсілдерін енгізу ғана оның ұлттық экономиканың тұрақты әрі сапалы өсуіне қосатын үлесін арттыра алады.

Жалпы алғанда, құрылыс индустриясының болашақтағы дамуы инвестиция көлеміне емес, олардың экономикалық қайтарымына, басқару сапасына және институционалдық жауапкершіліктің күшеюіне тәуелді екені айқындалды. Осы бағыттағы жүйелі реформалар құрылыс саласын экономикалық өсімнің тұрақты драйверіне айналдырудың негізгі алғышарты болып табылады.

Осылайша, зерттеу мақсатына толық көлемде қол жеткізілді және қойылған міндеттер жүйелі түрде шешімін тапты. Жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстандағы құрылыс саласының экономикалық өсімге ықпалын және мемлекеттік аудиттің салалық тиімділікті арттырудағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелер құрылыс саласындағы инвестициялық белсенділік пен оның нақты экономикалық қайтарымы арасындағы сәйкессіздіктерді анықтап, аудит тетіктерін жетілдіру қажеттігін көрсетті. Бұл өз кезегінде мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану, басқарушылық шешімдердің сапасын арттыру және саланың институционалдық дамуын қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды.

Зерттеу нәтижелері қолданбалы сипатқа ие және оларды құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруде, аудит жүйесін дамытуда және инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыруда пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. (2012). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы (2025). <https://primeminister.kz/addresses/08092025>
3. Anton Lewis (2025). Accounting Fables: Tales of Race and Racism in the Borderlands of Business. <https://www.emerald.com/books/monograph/17047/Accounting-Fables-Tales-of-Race-and-Racism-in-the>
4. Қазақстан Республикасының 2026–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы (2025). <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/897469?lang=ru&ysclid=mfuwsttg3b691332803>
5. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері (2025). <https://cabinet.stat.gov.kz>
6. Gretchen Purser; Rick Delbridge; Markus Helfen; Andreas Pekarek (2025). Employability: Ideology, Policy, and Practice. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/17763/EmployabilityIdeology-Policy-and-Practice>
7. Melissa Carlisle; Christine Gimbar; J. Gregory Jenkins (2023). Auditor-Client Interactions—An Exploration of Power Dynamics during Audit Evidence Collection. <https://doi.org/10.2308/AJPT-2020-130>
8. Sophie Bacq; Katrin M. Smolka; Angelique F. Slade Shantz; Pursey P.M.A.R. Heugens (2025). Necessity Entrepreneurship: Getting Beyond the Binary Available. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/17000/Necessity-Entrepreneurship-Getting-Beyond-the>
9. Olumide Babatope Longe, K. Suppiah Susela Devi, Mudita Sinha (2025). Resilience Strategies for Small Business in Industry 5.0. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/18727/Resilience-Strategies-for-Small-Business-in>
10. S. Charles Malka; Helen MacLennan; Robert H. Tiell (2025). Workplace Transformations in a Post Pandemic Era: New realities to consider and act upon - for Managers, Policymakers and Practitioners in the Field. URL: <https://www.emerald.com/books/monograph/17829/Workplace-Transformations-in-a-Post-Pandemic>
11. Muskan Khan; Arpana Kumari; Danish Ather; Vishal Jain (2025). HR 5.0: Adapting to the AI-Enhanced Workforce. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/17447/HR-5-0Adapting-to-the-AI-Enhanced-Workforce>
12. Hussein A. Dawood (2025). AI Insights: Ethics Audit and Transformative Power for Entrepreneurs Available to Purchase. <https://www.emerald.com/books/monograph/18739/AI-InsightsEthics-Audit-and-Transformative-Power>
13. Christie Hayne; Mark E. Peecher; Jeffrey Pickerd; Yuepin Zhou (Daniel) (2026). Managing Quality Control System Changes: How Audit Firm Leaders Experience and Navigate Conflicting Institutional Demands. <https://doi.org/10.2308/TAR-2023-0152>
14. «Құрылыстағы баға белгілеу жүйесінің, сондай-ақ жобалауға және құрылысқа бөлінген қаражат пен активтердің пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу» мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша ақпарат. (2024). <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/822897?lang=kk>

REFERENCES

1. «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiñ jaña saiasi bağyty (2012). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
2. Qazaqstan Respublikasynyñ Premer-ministriniñ resmi aqparattyq resursy (2025). <https://primeminister.kz/addresses/08092025>
3. Anton Lewis (2025). Accounting Fables: Tales of Race and Racism in the Borderlands of Business. <https://www.emerald.com/books/monograph/17047/Accounting-Fables-Tales-of-Race-and-Racism-in-the>

4. Qazaqstan Respublikasynyń 2026-2028 jyldarǵa arnalǵan әleumettik-ekonomikalıyq damu boljamy (2025). <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/897469?lang=ru&ysclid=mfuwsttg3b691332803>
5. QR Strategialıyq josparlau jáne reformalar agenttiginıń ultiyq statistika bürosynyń derekteri (2025). <https://cabinet.stat.gov.kz>
6. Gretchen Purser; Rick Delbridge; Markus Helfen; Andreas Pekarek (2025). Employability: Ideology, Policy, and Practice. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/17763/EmployabilityIdeology-Policy-and-Practice>
7. Melissa Carlisle; Christine Gimbar; J. Gregory Jenkins (2023). Auditor-Client Interactions—An Exploration of Power Dynamics during Audit Evidence Collection. <https://doi.org/10.2308/AJPT-2020-130>
8. Sophie Bacq; Katrin M. Smolka; Angelique F. Slade Shantz; Pursey P.M.A.R. Heugens (2025). Necessity Entrepreneurship: Getting Beyond the Binary Available. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/17000/Necessity-Entrepreneurship-Getting-Beyond-the>
9. Olumide Babatope Longe, K. Suppiah Susela Devi, Mudita Sinha (2025). Resilience Strategies for Small Business in Industry 5.0. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/18727/Resilience-Strategies-for-Small-Business-in>
10. S. Charles Malka; Helen MacLennan; Robert H. Tiell (2025). Workplace Transformations in a Post Pandemic Era: New realities to consider and act upon - for Managers, Policymakers and Practitioners in the Field. URL: <https://www.emerald.com/books/monograph/17829/Workplace-Transformations-in-a-Post-Pandemic>
11. Muskan Khan; Arpana Kumari; Danish Ather; Vishal Jain (2025). HR 5.0: Adapting to the AI-Enhanced Workforce. <https://www.emerald.com/books/edited-volume/17447/HR-5-0Adapting-to-the-AI-Enhanced-Workforce>
12. Hussein A. Dawood (2025). AI Insights: Ethics Audit and Transformative Power for Entrepreneurs Available to Purchase. <https://www.emerald.com/books/monograph/18739/AI-InsightsEthics-Audit-and-Transformative-Power>
13. Christie Hayne; Mark E. Peecher; Jeffrey Picked; Yuepin Zhou (Daniel) (2026). Managing Quality Control System Changes: How Audit Firm Leaders Experience and Navigate Conflicting Institutional Demands. <https://doi.org/10.2308/TAR-2023-0152>
14. «Qurylystaǵy baǵa belgileu júiesiniń, sonдай-aq jobalauǵa jáne qurylysqqa bölengen qarajat pen aktivterdiń paidalanylyu tiimdiǵıne audit júrgizu» memlekettik audittiń nátiyjeleri boıynsha AQPAPARAT (2024). <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/822897?lang=kk>

ДИНАМИКА РАЗВИТИЯ СТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ В КАЗАХСТАНЕ, ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ПОСРЕДСТВОМ АУДИТА

Нуржанова Ш.*

докторант
Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилёва
г. Астана, Казахстан
e-mail: shyraynurzhanova@gmail.com
ORCID: 0009-0001-7333-8526

Кажмухаметова А.

к.э.н., и.о. доцента
Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилёва
г. Астана, Казахстан
e-mail: asem.kaa3103@gmail.com
ORCID: 0000-0002-6957-7364

Аннотация

В статье комплексно рассматриваются современные темпы развития строительной отрасли в Казахстане, ее роль в национальной экономике и потенциальные возможности в долгосрочной перспективе. Исследование подчеркивает стратегическое значение строительной индустрии, раскрывая ее вклад в обеспечение социальной стабильности и экономического роста за счет развития жилищного строительства, реализации инфраструктурных проектов и региональных инициатив.

На основе фактических данных показано, что государственные программы и инвестиционные проекты, реализуемые в стране, способствуют укреплению строительного сектора, созданию новых рабочих мест, развитию малого и среднего бизнеса, а также модернизации региональной инфраструктуры. Статистические показатели свидетельствуют о стабильном ежегодном росте объемов финансирования, направляемых в строительную отрасль.

Расширение жилищного фонда, внедрение современных архитектурных решений и инновационных строительных технологий ускоряют процессы урбанизации и способствуют повышению качества жизни населения. Особое внимание в работе уделено вопросам цифровизации отрасли, применению энерго-

эффективных технологий и локализации производства строительных материалов, которые рассматриваются как ключевые факторы повышения конкурентоспособности строительной индустрии.

Аудит представлен как важный инструмент подтверждения достоверности финансовой отчетности строительных организаций, оценки эффективности использования ресурсов и анализа инвестиционных рисков. В статье анализируется роль аудита в обеспечении прозрачности затрат, снижении финансовых рисков и повышении качества управленческих решений. Результаты исследования подтверждают, что совершенствование аудиторских механизмов в строительной отрасли является значимым условием обеспечения экономической устойчивости и долгосрочного развития.

В целом статья направлена на всесторонний анализ экономического потенциала строительной отрасли Казахстана, ее динамики развития и перспективных направлений, а также на обоснование ее особой роли в национальной стратегии развития.

Ключевые слова: строительная отрасль, инфраструктура, бухгалтерский учет, финансовая отчетность, аудит, экономическое развитие.

DEVELOPMENT DYNAMICS OF THE CONSTRUCTION SECTOR IN KAZAKHSTAN, ITS IMPACT ON ECONOMIC GROWTH, AND EFFICIENCY ASSESSMENT THROUGH AUDIT

Nurzhanova Sh.*

Doctoral Student
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: shyraynurzhanova@gmail.com
ORCID: 0009-0001-7333-8526

Kazhmukhametova A.

PhD in Economics, Acting Associate Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: asem.kaa3103@gmail.com
ORCID: 0000-0002-6957-7364

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the current pace of development of the construction sector in Kazakhstan, its role in the national economy, and its long-term prospects. The study highlights the strategic importance of the construction industry by examining its contribution to social stability and economic growth through housing development, infrastructure projects, and regional development initiatives.

Based on empirical data, the paper demonstrates that state programs and investment projects implemented in the country not only strengthen the construction sector but also contribute to job creation, the development of small and medium-sized enterprises, and the modernization of regional infrastructure. Statistical evidence indicates a steady annual increase in the volume of financial resources allocated to the construction industry.

The expansion of the housing stock, the introduction of modern architectural solutions, and the adoption of advanced construction technologies accelerate urbanization processes and improve the overall quality of life. Particular attention is paid to digitalization, the application of energy-efficient technologies, and the localization of construction materials production, which are considered key factors in enhancing the competitiveness of the construction sector.

Audit is examined as an essential tool for verifying the reliability of financial reporting, assessing the efficiency of resource utilization, and evaluating investment-related risks in construction organizations. The study analyzes the role of audit in ensuring cost transparency, reducing financial risks, and improving the quality of managerial decision-making. The findings confirm that improving audit mechanisms in the construction sector is a critical factor in achieving economic stability and sustainable development.

Overall, the article offers an in-depth examination of the economic potential of Kazakhstan's construction industry, its development dynamics, and future directions, emphasizing its significant role in the national development strategy.

Keywords: construction sector, infrastructure, accounting, financial reporting, audit, economic development.